

№ 6 дәріс

Тақырыбы: ҰЙҒЫРЛАР ЖӘНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУРАЛЫ

Дәрістің мақсаты: Көне ұйғыр тайпалары туралы және ұйғыр жазу ескерткіштері, ұйғыр алфавиті, ұйғыр ескерткіштерінің түрлері туралы мағлұмат беру. Ұйғыр алфавитімен жазылған ескерткіштерге тоқталу.

Дәрістің жоспары:

1. Көне ұйғыр тайпалары туралы.
2. Ұйғыр жазуы ескерткіштері, ұйғыр алфавиті туралы мәлімет, ұйғыр ескерткішінің түрлері.

1. Ұйғырдың ата қонысы ерте кезден-ақ Шығыс Түркістан аталған. 1760 ж. бұл өлкені Цинь империясы жаулап алып, Шығыс Түркістан атауын Синьцзян (Шыңжаң) (жаңа жер, жаңа шекара) деп өзгертті. Кейіннен өлке атауы ШҰАР (Шыңжаң — Ұйғыр автономиялы районы) деп өзгертілді. Қытайлар Ұйғырды басқа да мұсылман ұлыстарымен қосып хуэйцзу, хуэйхуэй деп, кейде чантоу деп те атаған. Моңғолдар Ұйғырды хотан деп атайды. «Ұйғыр мемлекеті», «Ұйғыр жазуы», «Көне ұйғыр тілі» деген тарихи атаулар туралы қазіргі Ұйғырдың этнографиясы арасындағы байланыс, сабақтастық туралы әр қилы пікірлер бар. Көне ұйғыр тілі — Қарахан әулеті дәуіріндегі түркі тіліне қарағанда Орхон түріктерінің тіліне жақын (5-9 ғасырлар). Ал қазіргі жаңа ұйғыр тілі өзбек тілімен бірге түркі тілдерінің оңт.-шығыс тобының қарлұқ бұтағын құрайды. Ұзақ жылдар Ұйғыр шет ел басқыншыларының қол астында болып, ішінара қақтығыстарға ұшырады. Осының салдарынан 15 ғасырда этнонимі сирек естіліп, оның орнына — тұрағына байланысты қашғарлық, хоталик, ақсулық, т.б. деп аталды. Ал Жетісу мен Орта Азияға қоныс аударған Ұйғыр тараншы (диқаншы) делінді. XIX ғ. мен XX ғасырдың басындағы Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде осы атау жиі ұшырасады. 1921 ж. Ташкент қаласында өткен зиялы қауымның бас қосқан мәжілісінде түркітанушы проф. С.Е.Маловтың ұсынысымен ұйғыр атауы жалпы халықтық атау ретінде қалпына келтірілді.

Ұйғыр қағандығы (745-840) — Орталық Азияның шығыс бөлігінде түркі тілдес тайпалар құрған ортағасырлық мемлекет. Селенга, Орхон, Тола өзендері бойында орналасқан. 8 ғ-дың бас кезінен бастап яглакар руы бастаған тоғыз-оғыз тайпалар одағы Шығыс түрік қағандығына қарсы өз тәуелсіздіктері үшін кескілескен ұрыс жүргізді. Бірте-бірте олар бір мемлекетке бірікті. Жаңа мемлекет Ұйғыр қағандығы деп аталды. 744 ж. Шығыс түрік қағандығының әскерін күйрете талқандаған олар саяси әскери билікті тұңғыш рет өз қолдарына алды. Шығыс түрік қағандығының орнына жаңа мемлекет — Ұйғыр қағандығы пайда болды. Оның астанасы — Орхон өз. бойындағы Қарабаласағұн қаласына орналасты. Алғашқы қаған Пэйло (746) болды. Оның кезінде қағандық аумағы Алтай тауларынан Үлкен Хинганга, Саян жоталарынан оңт-те Гоби шөліне дейін созылды. Пэйло

өлгеннен кейін оның баласы Мойыншор таққа отырды (746-759). Ол мемлекетті нығайтып, Орта Азиямен және Қытаймен қарым-қатынас орнатты. Мойыншор Тываны өз қол астына қаратты. Ұйғыр қағандығының әскери және саяси қуатының артқаны соншалық 757 ж. Қытайда соғдылық Ань Лу-шань бастаған көтерілісшілер бас көтергенде Қытай императоры Мойыншордан көмек сұрады. Ұйғыр қағандығы түркі тектес көшпелі тайпалардың одағынан тұратын ортағасырлық мемлекет болды. Бас билік қағанның қолында шоғырланды. Халық негізінен мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысты. Қала, бекініс, елді мекен салу дами түсті. Қолөнер кәсібі өрге басты. Сирия алфавиті негізінде ұйғыр жазуы пайда болды. Ұйғырлардың бір бөлігі буддизм дінін қабылдаса, 8 ғасырдың аяғынан манихей дініне көше бастады. Дегенмен, халықтың негізі тәңіршілдікті ұстанды. Ұйғыр ақсүйектерінің өзара қырқысулары мен тайпалардың қағанның билігіне қарсы күресі салдарынан 8 ғасырдың аяғында қағандық әлсіреді. Ақыры 840 ж. Енисей (Енесай) қырғыздарының соққысынан күйреді. Ұйғырлардың бір бөлігі (15 аймақ) Алтай мен Тарбағатай аралығындағы Қарлұқ қағандығына қашты. Қалғаны Шығыс Түркістан мен Ганьсу аймағына қоныс аударды. Ұйғыр қағандығы жүз жылдай Қытайдың Орт. Азияға шығуына күшті кедергі болды.

Халықтық этногенезіне қатысқан тайпалардың әр алуандығына сәйкес бүгінгі ұйғырлардың антропология жағынан біртекті еместігі байқалады. Қашғарияның оңтүстігінде еуропа нәсілдің памир тобы басым болса, Шығыс Түркістанның солтүстігінде мекендеушілерде еуропа, моңғолоидтық элемент тең түседі (тұранаралық нәсіл). Ұйғыр этнонимі 3 ғасырдан белгілі. Көне заманда моңғол даласын мекендеген көшпелі ұйғырлардың арғы тектері ғұндардың тайпалық одақтарына енген. Кейіннен Жужан, Түрік қағандығының құрамында болды. Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін (8 ғ.) Селенга, Орхон, Тола өзендерінің бойындағы Ұйғырлар Ұйғыр қағандығын құрды. Ұйғыр атауы Орхон жазба ескерткіштерінен де белгілі (8 ғ.). 840 ж. Ұйғыр қағандығын қырғыздар күйретті. Содан кейін олар Шығыс Түркістан мен Ганьсудың батыс бөлігіне қоныс аударып, Тұрфан ойпатында (847-1369), Ганьсуда (847-1036) дербес мемлекет құрды. Ганьсудағы мемлекетті таңғұттар жойды да Шығыс Түркістан 14 ғасырда Шағатай ұлысына, кейін Моғолстанға қарады. Шығыс Түркістанға ауып келген ұйғырлар, қыпшақ, қарлұқ, шігіл, ячма, құман, т.б. түркі тайпаларымен бірге жергілікті иран тектес халықпен араласып, бертін келе бір этн. топқа бірікті. 9-10 ғасырларда ұйғырларда буддизм, кейіннен оның жаңа тармағы — махаяна (ұйғырларда 8 ғасырдың 60-жылдары) тарады. 11-17 ғасырларда Ислам дінін қабылдады. 17-18 ғасырларда Ұйғыр Жоңғар хандығына, 18 ғасырдың 50-жылдарынан бастап Цинь империясына бағынды. Ұйғырлар маньчжур-қытай] езгісіне қарсы ұзақ жылдар ұлт-азаттық күрес жүргізді. 1944- 49 ж. елдің солтүстігіндегі 3 аймақта Шығыс Түркістан халық республикасы орнады. 1949 ж. Қытайда коммунистік партия жеңіске жеткеннен кейін Шығыс Түркістан қайтадан Қытайға бағынуға мәжбүр болды. Жергілікті жағдайды ескере отырып, ҚХР өкіметі 1955 ж. ШҰАР-ды құрды. 1950-60 ж. жергілікті

өкімет жазалау шараларын жүргізді. Ұйғырлардың бір бөлігін басқа жерлерге көшіріп, орнына қытайлар қоныстандырылды. Бұл жағдай жергілікті ұлттың арасында наразылық тудырды. Ұйғырлар — ежелден отырықшы өмір кешкен халық. Олар суармалы егіншілік пен бау-бақша өсірудің шебері. Өзіндік ерекшелігі мол мәдениеті мен ән-жырының, монументті діни архитектурасының шығыс елдері мәдениетіне елеулі әсері болды. Ұйғырлардың Қазақстандағы саны 210,3 мың адам (1999). Олар Жетісуға 19 ғасырдың соңына қарай Қытайдағы мұсылмандар көтерілісінен кейін Цинь билеушілерінің қысымына ұшырап, ауып келген.

2. Ұйғыр жазуы — соғды жазуынан (б.з.б. 1 ғ. - б.з. 9 ғасырлар) бастау алатын ежелгі ұйғыр тайпалары пайдаланған жазу. Жоғарыдан төмен қарай тік әріптермен солдан оңға бағыттала жазылатын бұл жазу түрі сирия-арамей әліпбилерінің біріне саяды. Ұйғыр жазуының әліпбиін кейінірек басқа да түркі тайпалары (наймандар), олардан моңғолдар үйренген. 13-14 ғасырларда Орт. Азияда құрылған түркі-моңғол ұлыстарының көпшілігі Ұйғыр жазуын пайдаланған. 16 ғ-да кейбір өзгерістермен маньчжурлар қабылдады. Кей халықтар Ұйғыр жазуын 18 ғасырға дейін, ал сары ұйғырлар 19 ғасырға дейін қолданып келді. ҚХР-ның Ішкі Моңғолия автономиялы районында қазірге дейін қолданылады.

Ұйғырлар Шығыс түрік қағанаты құрамында болған. Шығыс түрік қағанатынан ұрпақтарға көптеген жазба ескерткіштер қалған. Олар Қырғыз қағанатына тән Енисей ескерткіштері (IX-Xғ.ғ.), Ұйғыр қағанатына қатысты Семиги, Қараболғасун ескерткіші. Турфан жазулары. Манихей алфавиті (36 әріп). Ұйғыр жазуының соғды жазуы негізінде тараған. Ұйғыр жазуымен жеткен ескерткіштер алфавиті 23 әріптен, 28 дыбыстан тұрған. Жоғарыдан төмен қарай жазылған. Ұйғыр жазуы негізінде XIII ғ. моңғол жазуы пайда болған. Бұл жазуды Ақсақ Темір, Алтын Орда хандары қолдағаны мәлім. Сөз таптарының көне ұйғыр жазбаларындағы сипаты көне түркі тіліне ұқсайды.

Ұйғыр жазуының ескерткіштері бізге Шығыс Түркістаннан табылған қолжазбалар арқылы жетті. Олардың ішіндегі ең көрнектісі — Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білігі» (1069) дастанының Вена нұсқасы. Ұйғыр жазуы туралы мәліметтерді Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» (1073) еңбегінен де кездестіруге болады. Ұйғыр жазуы ескерткіштері қатарында «Манихейлердің жалбарыну дұғасын» (6 ғ.), «Һибатул-хақайық», «Алтын яруқ» («Алтын жарық»), будда дініне қатысты қолжазбалар (11 ғ.) мен заңи құжаттарды (10-13 ғасырлар) атауға болады. Ұйғыр жазуының әліпбиі 22 әріптен тұрады. Таңбалауда ы/і, о/у, ө/ү дауыстылары мен п/б, к/г, т/д дауыссыз дыбыстары бірдей жазылғанымен, дыбысталуы әр түрлі. Жазудағы әріптер сөз басында, ортасында, аяғында түрліше таңбаланады.

Шағатай тілі (ىاتغج — Жағатой; ұйғ. ىاتاغچ — Чағатай; өз. ئويغايچ — Chig‘atoy) — бір кездері Орталық Азияда кең таралған, қазір өлі тілге айналған түркі тілі. «Шағатай» сөзі Шағатай ұлысының атынан келіп шыққан. Шағатай хандығы Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ханның

атымен аталған. Осы тілде сөйлеген көптеген Шағатай түріктері мен татарлар өздерін Шағатайдың ұрпақтарына жатқызған.

Шағатай тілі Араб әліпбиін пайдаланған өте дамыған мәдени тіл болған. Оның сөз қорында араб және парсы тілдерінен кірген сөздер өте көп болған. Сонымен бірге оған көшпенді түркілердің тілі де қатты ықпал еткен. Сол себепті шағатай тілі Орталық Азияның халықаралық тілі ретінде қолданылған. Шағатай тілінің тарихын үш кезеңге бөлуге болады:

1. Бастапқы шағатай кезеңі 1400-1465
2. Классикалық шағатай кезеңі 1465-1600
3. Кейінгі шағатай кезеңі 1600-1921

Бастапқы шағатай кезеңінде тілдің морфологиясында көне жалғаулар көп ұшырасады. Класикалық кезеңі Мір Әлішер Науаидың алғашқы диуанының жарыққа шығуымен басталады, әрі шағатай тілінің гүлденуі осы кезеңнің тұсында болады. Үшінші кезеңде шағатай тілінің дамуы екі жолмен жүре бастайды: біріншісі Науаидың классикалық тілін сақтап қалуға тырысу болса, екінші жолы жаңа түркі тілдерінің ықпалын қабылдап даму болды.

Шағатай тілінің гүлденуі Ақсақ Темір әулетінің кезінде орын алады. Ақсақ Темірдің өзінің өмірбаяны мен оның ұрпағы, Моғол империясының негізін қалаушы Бабырдың атақты Бабырнамасы шағатай түркі тілінде жазылған. 20-шы ғасырдың басында кеңес үкіметінің Орталық Азияда жүргізген өзгерістеріне дейін шағатай тілі жалпыға бірдей әдеби тілі болып қала берді.

Қазіргі түркі тілдерінің ішіндегі шағатай тіліне ең жақындары — өзбек және ұйғыр тілдері. Ал өзбектер тіпті өзбек тілі тікелей шағатай тілінен өрбіген, ал шағатай әдебиеті өзбек әдебиетінің бір бөлігі деп қарастырады. 1921 жылдан бастап Өзбекістанда шағатай тілінің орнына өзбек тілі (сол кезде қыпшақ диалектілерінің негізінде) қолданыла бастаған. Берендек атты ортағасырлық көшпелі халықтың тілі де зерттей келе шағатай тілі болып шықты.

Ethnologue тізімінің дерегі бойынша, Ауғаныстанда қолданылатын «шағатай тілі» түрікмен тілінің «теке» тайпасы диалектінің аты болып шықты. Орталық Азияның басқа жерлеріндегідей, Түрікменстанда да шағатай тілі әдеби тіл ретінде 18-ғасырдың аяғына дейін қолданылып, түрікмен тіліне ықпал етіп келді. Бірақ екі тіл түркі тілдерінің екі басқа тармақтарына жататындықтан, олардың арасында елеулі айырмашылықтар да бар.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Ұйғырлар және олардың жазуы туралы не білесіз?
2. Қараханидтер дәуірінен қалған жазба ескерткіштерге қандай ескерткіштер жатады?
3. М.Қашқаридың «Дивани-лұғат-ит-түрік» сөздігі қандай еңбек?
4. «Алтын ярух» ескерткіші қай дәуірге жатады?
5. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілінің қандай ерекшеліктері бар?